72 САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ


2022-2023 оқу жылының II ауысым бойынша тәрбие жұмыстарының жылдық есебі

1. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбы аясында мектебімізде Білім күніне орай бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп басшысы Усманов Бегмат Нұралыұлы сыныптарды жекелей аралап, жаңа оқу жылына оқушыларға сәттілік тілеп, тәрбие сағаттарының өткізілу барысымен танысып, жүрекжарды құттықтау тілектерімен бөлісті.



2. «Сыбайлас жемқорлықсыз білім»

Қалалық білім басқармасы әдістемелік орталықтың 01.09.2022 жылдың №1171 санды хаты негізінде және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қмыл агенттігінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» іс-қимыл әрекетін орындау мақсатында және мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдары мен құқық бұзушылықтың алдын-алу тәсілдері жөнінде 5-11 сыныптар арасында «Адалдық сағаттары» өткізілді.



3. «С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік. коммуналдық кәсіпорны 1-4 бастауыш сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен өткізілген "АБАЙЛАҢЫЗ БАЛАЛАР!" іс шарасы. Іс шараға Шымкент ҚПД Қаратау АПБ әкімшілік полиция бөлімінің бастығы полиция майоры АБРАМАНОВ БАҚЫТКЕЛДІ АМАНГЕЛДІҰЛЫ мен мектеп директоры УСМАНОВ БЕГМАТ НҰРАЛЫҰЛЫ қатысты. Оқушыларға жолда жүру ережесі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жолда жүру тәртібі мен ережесін әрдайым есте сақтау қажеттігін айтып өтті.



4. С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылдың 21 қыркүйек күні "Абайлаңыз балалар" атты акция аясында 5-сыныптар арасында жол қозғалысы ережелері бойынша "Ең үздік білгір" интеллектуалды ойыны өтті. Іс-шараның өту мақсаты: оқушыларға көше қатынасы ережелерін меңгерту, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін өмірде қолдануды дағдыға айналдыру, сонымен қатар оқушы санасында жолда жүру мәдениетін қалыптастыру, сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Іс-шараның барысында оқушылар өзіне берілген тақырып аясында сыныптарымен жолда жүру ережесі бойынша сұрақ-жауап, фотосурет желісі бойынша әңгіме құрап, көріністер көрсетіп, стенгазеттер ұйымдастырылды.



5. С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылдың 22 қыркүйек күні "Абайлаңыз балалар" атты акция аясында 6-сыныптар арасында «Абайлаңыз, бағдаршам!» тақырыбындағы сурет байқауы өтті.

Іс-шараның өту мақсаты: оқушыларға көшеде жүру ережелерін меңгерту, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін өмірде қолдануды дағдыға айналдыру, сонымен қатар оқушы санасында жолда жүру мәдениетін қалыптастыру, сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Іс-шараның барысында оқушылар өзіне берілген тақырып аясында өз ойларынан сурет салды.

«Абайлаңыз, бағдаршам» атты сурет байқауының нәтижесін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы және Қаратау аудандық учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Нұрдаулет Талғатұлы және де көркем еңбек пәнінін мұғалімі Тұртаев Икрам қорытындылап, жеңімпаздарды марапаттады.

1-орын алған 6"Ә" сынып оқушысы Мұрат Ұлбосын;

2- орын алған 6"Д" сынып оқушысы Сұлтан Сәбина;

3-орын алған 6"А" сынып оқушысы Орынтай Ерасыл.

Іс-шараны ұйымдастырушылар: Сынып жетекшілері: Нұрмаханова А. , Рахымбай Ш.



6. Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылдың 23 қыркүйек күні мектепішілік «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» өзін-өзі басқару ұйымы, «АДАЛ ҰРПАҚ»

клубы, «БАЛА ӨКІЛДІГІ» ПРЕЗИДЕНТТЕРІ мен МИНИСТРЛЕРІН ЖӘНЕ «ЖАС ҰЛАН» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ҰЛАНБАСЫН ұлықтау рәсімі өтті.

1.Мектеп президенті: 10в сынып оқушысы Алтаев Мейіржан Сержанұлы;

2.Вице-Президент: 8ғ сынып оқушысы Келес Амина;

3. «Жас ұлан»ұйымының Ұланбасы: 10ғ сынып оқушысы Даулет Рамазан;

4. «Адал Ұрпақ» ұйымының Президенті: 9ғ сынып оқушысы Ануарова Ақнұр;

5. «Бала өкілдігін қорғау» ұйымының Президенті: 9к сынып оқушысы Алдыбай Бекбол;

6. «Құқық және тәртіп фракция» көшбасшысы: 9в сынып оқушысы Нұртаза Ұлпан;

7. «Ақпарат фракция» көшбасшысы: 10з сынып оқушысы Мейрамбекқызы Нұрай;

8. «Спорт және салауатты өмір салты» фракция көшбасшысы: 10ғ сынып оқушысы Тастанов Мейіржан;

9. «Өзін- өзі тану және бақыт фракция» көшбасшысы: 10ә сынып жетекшісі Әділбай Аружан;

10. «Қамқорлық фракция» көшбасшысы: 10ә сынып оқушысы Тоғай Сабина;

11. «Мәдениет және өнер» фракция көшбасшысы: 9ә сынып оқушысы Ерғара Нұршашқан;

12. «Дебат қозғалысының фракция» көшбасшысы: Асқарқызы Жания;

13. «Экология және еңбек фракция» көшбасшысы: 10в сынып оқушысы Жаркей Хадиша.

Салтанатты іс-шарада мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы Т.Б.Утебаев, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Жакашева мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Т.Құрманбай құттықтау сөз сөйлеп, қара шаңырақтың кішкентай бір бөлшегі – мектеп деген кіші мемлекетіміздің көшбасшыларына сәттілік тіледі.



7. "Сағадат Нұрмағамбетов" атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің "Жас ұлан" және "Жас қыран" бірыңғай балалар жасөспірімдер ұйымы №13 "Мукими" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінен Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына арналған челленджін қабыл алып, № 58 жалпы орта білім беретін мектебіне жолдайды.



8. "С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ N72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ" ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ 2022 жылдың 21 қазан күні сағат 17.00-де «МЕКТЕП, АТА-АНА, ҰСТАЗ БІРЛІГ І- САПАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ІЗГІ ЖОЛДАРЫ» атты жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті.



9. С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін ШЖҚ МКК-да 25 қазан – Республика күніне орай 7-сынып оқушылары мен сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Қыран елім-Қазақстаным!»атты мерекелік іс-шара өтілді. Іс-шараның мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүюге,еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп,туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліген арттырып, Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.Іс шара барысында оқушылар ән шырқап,би билеп,Республика күніне орай өздерінің төл туындыларымен бөлісті.



10. С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК "Адал ұрпақ" еріктілер клубының ұйымдастыруымен "Жемқорлыққа жол жоқ!" және "Есірткіге жол жоқ!"атты суреттер сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа 5-7 сыныптың "Адал ұрпақ" еріктілер клубының 24 мүшесі қатысты. Сайыс нәтижесінде жеңімпаз оқушылар марапатталды.
Ұйымдастырушы: Аға тәлімгер А.С.Турсынбаева және сынып жетекшілері.



11. С. Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы аясында «Денсаулық - ең басты қажеттілік» тақырыбында 6 «А» сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаты болып өтті.
Мақсаты: Оқушыларды жеке бас гигиенасы, тазалық сақтау, дұрыс тамақтану т.б. жеке басқа тән қажеттіліктерді өздігінше игерте отырып, денсаулықты сақтауға бағыттау.
Сынып жетекшісі Курбанкулова Гульшат Нурматовна өткен тәрбие сағаты «Ізгі тілектер» айтудан басталып, оқушылардың
1- «Зиянды әдеттен аулақ бол!» аялдамасы
2- «Тазалық»,« Жеке бас гигиенасы» аялдамасы
3- «Дәрігермен сұхбат» аялдамасы
4- «Дұрыс тамақтану» аялдамасы
5- «Спорт» аялдамасы болып бөліне отырып, өз тақырыптарын қорғаумен жалғасты.



12. Қалалық білім басқармасы әдістемелік орталықтың 01.09.2022 жылдың №1171 санды хаты негізінде және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қмыл агенттігінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» іс-қимыл әрекетін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы оқушыларға таныстырылды. Мектептің «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жиналысқа 191 оқушы қатысты.



13. С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ N72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІРЫҢҒАЙ "ЖАС ҚЫРАН" және "ЖАС ҰЛАН" ҰЙЫМЫНА ҚАБЫЛДАУ САЛТАНАТТЫ ЖИЫНЫ БОЛЫП ӨТТІ.

2022 жылдың 15 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай Республикалық бірыңғай "Жас ұлан мен "Жас қыран " балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2-3-5-6- сыныптың оқушылары қабылданды. "Жас Ұлан" және "Жас қыран" ұйымына қабылданған балалар, өскелең ұрпақ адами құндылықтарды бойына сіңірген, тәрбиелі сонымен қатар патриоттық сезімдері жоғары болатыны анық. Салтанатты жиында мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы, ата- аналар кеңесінің төрағасы Оспанов Әмзе ағай және мектеп президенті Алтаев Мейіржан жас қырандарды құттықтады.



14. 2022 жыл «БАЛАЛАР ЖЫЛЫНА» орай жаңа -жыл мерекесі қарсаңында С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы білім беретін мектептің 6 "Л" сынып оқушылары мен ата аналары және сынып жетекшісі Өтемісова Тамараның бастамасымен «Болашақ» ақпараттық оңалту орталығында ұйымдастырылған

ерекше балдарға арналған жаңа жылдық мерекелік кешке барып, ерекше балдарға түрлі сыйлықтар мен көңіл-күй сыйлап қайтты. Оқушыларды мейірімділікке, қамқорлыққа адами қасиеттерді бойына сіңіру мақсатындағы тәрбиелі іс-шара болды. Қордың президенті Ж.Жазыкбаева ата-аналар мен ұстаздардың игілігі, балалар тәрбиелеудегі ізгі-ниеттеріне өз алғысын білдірді. Алда келе жатқан жаңа жылда балдырғандардың аппақ қардай тілегі орындала берсін деп тілейміз.



15. Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты "С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде қосымша білім беру Оқу салалық орталығы Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №21-08-12/3891 хатына сәйкес қаңғыбас жануарларға бақылаудың болмауына байланысты балалардың өмірі мен денсаулығына төнетін қатердің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" заңын насихаттау жөнінде 5-7 сыныптар арасында сынып сағаттар, видеороликтер, диктанттар жазу ұйымдастырылып өткізілді.



16. Шымкент қаласы білім басқармасының Қосымша білім беру орталығы "Дене тәрбиесі және спортты дамыту" бөлімінің ұйымдастыруымен А.Асқаров атындағы №77 мектеп лицейінің спорт залында 5-6 сынып оқушылары арасында спорттың тоғызқұмалақ түрінен "Ұлттық мектеп лигасы" қалалық іріктеу жарысы өткізілді. Жарысқа жалпы білім беру ұйымдарынан 12 мектеп командалары

қатысып, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектептің балғын спортшылары да бақ сынады. Тек қатысып қоймай, жас тоғызқұмалақшыларымыз ауыз толтырып айтарлықтай абыройлы жүлдемен оралды.

🏆6 «З» сынып оқушысы Мейрхан Мансұр,

🏆5 «Е» сынып оқушысы Жақсылық Мағжан,

🏆5 «В» сынып оқушысы Ахмет Іңкәр,

🏆5 «В» сынып оқушысы Әбдіманат Кәусар,

🏆5 «В» сынып оқушысы Инятулла Фатима қалалық "Ұлттық мектеп лигасынан" І орын иеленіп, Республикалық жарысқа жолдама алды.


Мойнына жүлделі алқа тағып, бүгінгі асқақ беделдің биігінен көрінген осы оқушыларымызды бәйгеде топ жарғызып, жеңістің төріне көтерген әріптесіміз Беркінбаев Төреханға мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы өз Алғысын білдірді. Болашағынан үлкен үміт күттіретін оқушыларымызға сәттілік тілейміз. Жеңіс тұғырынан көріне берулеріңе тілектеспіз!



17. Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты "С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде Зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында «Белсенді өмір- жүз жастық ғұмыр» тақырыбында 7 сынып оқушыларына баскетбол ойынынан сайыс өткізілді. Сайысқа оқушылар белсенді қатысты. Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты "С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде Зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында «Белсенді өмір- жүз жастық ғұмыр» тақырыбында 7 сынып оқушыларына баскетбол ойынынан сайыс өткізілді. Сайысқа оқушылар белсенді қатысты.



18. Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты "С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде зорлық зомбылтың алдын алу мақсатында «Өкпелеу мен қорлаудан сақ болайық!» 5-7 сынып оқушыларына сынып сағаттары өтілді.



19. Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты "С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде «Қызықты қыс» тақырыбында 4 сынып оқушыларына отбасылық эстафеталық ойындардан сайыс өткізілді. Сайысқа ата-аналары мен оқушылар өте белсенді қатысты.

I орынды 4 М сыныбы,

II орынды 4 Қ сыныбы,


III орынды 4 В сыныбы,

«Белсенді отбасы» номинациясын 4 А сыныбы,

«Ұйымшыл отбасы» номинациясын 4 Л сыныбы,

«Үздік отбасы» номинациясын 4 А сыныптарының қатысқанын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы төрелік етіп

әділ бағалап, марапаттады. Эстафетаны ұйымдастырған Султанов Қуаныш, Гасанов Амир,Ториев Асхат ағайларымызға алғызымызды білдіреміз!



20. Шымкент қаласы С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 09.02.2023ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Косалбаева Лаззат Дуйсенбіқызының ұйымдастыруыме

6 - сынып оқушылары арасында «Қазақтың мұзбалақ ақыны-Мұқағали» тақырыбында әдеби-сазды кеш өтті.

Әдеби-сазды кештің мақсаты: Ақиық ақын, дарынды дарабоз, «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. Ақын өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды Отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу. Оқушылар сыршыл, ақиық ақынның өлеңдерін жатқа оқып, әндерін шырқады, шығармашылығын таныды, ақынға арнап арнау өлеңдерін оқыды. Қазақ поэзиясының мұзбалақ ақыны атанған Мұқағали жырлары жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек!



21. Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің 2023 жылғы 14 ақпандағы №21-03-02-08/206-И шығыс хатына сәйкес, Білім басқармасының Әдістемелік орталығының 27.02.2023 жылғы №161 хатына сәйкес, 1-Наурыз Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс күніне орай, «Тәуекелдерді бағалаудағы ақпараттық технологиялардың рөлі» ұранымен оқу-жаттығуын дайындау және

оны өткізу жөніндегі ұйымдастырушылық нұсқауын орындау мақсатында 03.03.2023ж аралығында іс-шараларды С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беру мектебінде жоспарға сай ұйымдастырылды.

Мақсаты: Табиғи төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында мектеп қызметкерлері мен оқушылардың төтенше жағдайлар кезінде өмір қауіпсіздігін сақтау, су тасқыны, өрт жағдайы, жер сілкінісі кезіндегі азаматтық қорғаныс шараларын орындауға даярлығын байқау. "Мұғалімдер мен оқушылардың жер сілкінісі, су тасқыны, өрт жағдайы кезіндегі іс - әрекеті" тақырыбында жалпы мектептік сейсможаттығулар Қаратау ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының офицері аға лейтенант М.Мухамедов пен Төтенше жағдайлар басқармасының инженері азаматтық қорғау лейтенанты Дарын Айтмұратов мырзалармен өткізілді.

Дабыл сигналы бойынша оқушылар мен ұстаздар қауіпсіз аймаққа шығарылды. Зардап шеккендерді Құтқару тобы қауіпсіз аймаққа шығарып, өрт көзін жойып, Алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Ұстаздар мен оқушыларға төтенше жағдайлардың алдын алу іс-шараның түсіндірме жұмысын Қаратау ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының офицері аға лейтенант М.Мухамедов түсіндірді. Мектеп ұстаздары мен оқушыларының Табиғи аппаттар кезіндегі қауіпсіз аймаққа шығуын Төтенше жағдайлар басқармасының офицерлері жоғары деп баға берді. Еліміз тыныш, жұртымыз аман, болашақ патриоттарымыз көп болсын!



22. Назарбаев зияткерлік мектебінің 10 жылдық мерейтойына арналған «Тебе, мой Шымкент, посвящаем» атты қалалық IV балалар шығармашылық фестиваліне С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің 6-7 – сынып оқушылары Айту Нұрбек, Алтыбай Кәусар, Ермек Сымбат, Кайпкулов Ерлан,Рашидұлы Бекали, Өмірзақ Шахмардан және жетекшілері Курбанкулова Г.Н., Касымбекова С.А.,АманбайҚ.Б., Отемисова Т.К. басшылығымен қатысып, өз актерлік шеберлігі мен өнерін жоғары көрсете білді. Нәтижеде «Моя сцена» бағыты бойынша көрсетілген «Тіл тұғыры » атты көрініс «Үздік музыкалық сүйемелдеу » номинациясына ие болды.



23. Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 5 сынып жетекшілері Орынбасарова Б, Азтаева А, Адилбекова Г. ұйымдастырумен «Әже өнегесі» танымдық шарасы өтілді. Мақсаты: балаларды ізгілікке, үлкенді тыңдай білуге, құрметтеуге, ой-өрісін дамытып, халқымыздың салт-дәстүрін дәріптеу. Танымдық шараға Оразқызы Пернекүл, Ақмолдаева Жамал әжелеріміз «ұршық иіру»,« тұсау кесер» сияқты дәстүрлерімізді дәріптесе Қиқымбаева Мейрамкүл әжеміз «Наурыз көженің» жасалу жолымен таныстырып ұлттық құндылықтар мен рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға шақырды. Сөз соңында ДОІЖО Г. С. Жекенова мен ДТІЖО Д. Ғ. Джанабергенова іс-шараның жоғарғы денгейде өтілгендігін атап, ұйымдастырушыларға және қатысушы әжелерімізге алғысын білдірді.Танымдық шарада қонақ боп келген әжелер салт-дәстүрімізді дәріптеп қана қоймай өз өнерлері мен келер ұрпаққа көптеген пайдасы мол өнегелерін айтып,ақ баталарын берді.



24. Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің 5-6 сынып оқушылары «8 наурыз- Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай «Жан жылуын, Ана сенен табар ем» тақырыбында челлендждерін қабыл алыңыздар!



25. Шымккет қаласының Білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 5-6сынып оқушылар арасында «Тәуекелдерді бағалаудағы ақпараттық технологиялардың рөлі» ұранымен Бүкіләлемдік АҚ бойынша сурет, плакат, газет, шығарма мен өлеңдер ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың Табиғи төтенше жағдай кезінде өздерін қорғап, жедел әрі дұрыс әрекет етуіне машықтандыру. Балалардың бойында оқыс оқиға кезінде өзін -өзі ұстау, тез әрі дұрыс шешім қабылдау дағдысын қалыптастыру.

Мектеп директорының тәрбиі ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы және АӘжТД пәні жетекшілері Алдибеков Ельдар Ермекұлы, Утебаев Талғат Болатұлы оқушылардың шығармашылық деңгейлерін бағалап марапаттады.Еліміз тыныш, жұртымыз аман, патриоттарымыз көп болсын!



26. Мен қазақ қыздарына қайран қалам,

Жанары жаны жаздай жайраңдаған.

«Қыз өссе елдің көркі деген сөзді

Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.

«С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК-да 8 наурыз – Халықаралық Аналар,қыздар күні мерекесіне орай 7-сыныптар арасында «Көктем аруы-2023» байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты:Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру,қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке,инабаттылыққа,ізеттілікке тәрбиелеу.Байқауға 12 сыныптан 1 - арудан қатысып, IV кезең бойынша бақтарын сынап сайысты. Байқауға қатысушылар:

1. 7«А» сыныбы – Мұратбек Арайлым Берікқызы
2. 7«Ә» сыныбы- Сүлеймен Адия Бахытқызы
3. 7 «Б» сынып. Құралбекова Аяулым Бақытжанқызы
4. 7 «В» сынып. Сайфулла Алина Сәкенқызы
5. 7 «Г» сынып. Анарбай Ұлжан Ернарқызы
6. 7 «Ғ» сынып. Шабданбек Тоғжан Асанқызы
7. 7 «Д» сынып. Базарбай Балжан Мұқанқызы
8. 7 «Е»сынып. Асқар Аяна Еркебұланқызы
9. 7 «Ж» сынып. Шилдебаева Айша Нұржанқызы
10. 7 «З» сынып. Тудыбек Аида Нұржанқызы
11. 7«И» сынып. Мұзапбар Нұрсезім Әбдімауленқызы
12. 7 «К» сынып. Уалихан Аружан Шакенқызы.

І кезең. «Мен қазақтың дара туған қызымын». Бұл байқау бойынша қыздарымыз өздерін бейнероликтер арқылы таныстырды. ІІ кезең. «Өнерлі өрге жүзер» аруларымыз бұл кезеңде өз өнерлерін ортаға салды. Би билеп,әуелете ән шырқап,монолог оқып,сыныптастарымен бірге қойылымдар қойды. ІІІ кезең «Білімді мыңды жығар» кезеңінде қатысушыларымыз салт-дәстүр туралы қойылған сұрақтарға жауап берді. IV кезең «Сұлулық сыры».Бұл бөлімде арулар бүгінгі заманға сай тігілген сән үлгісін көрсетті.

«Көктем аруы-2023» байқауында қыздарымыздың бойынан қазақтың салт - дәстүрін,әдет- ғұрпын,жөн-жоралғыларын жан- жақты аша білген топтар арасында әділ қазылардың шешімімен бірнеше жүлделі орындар берілді.

🏆Бас жүлдені 7 « И» сынып оқушысы Мұзапбар Нұрсезім Әбдімауленқызы иемденді.

□І орынды 7 «Г» сынып оқушысы Анарбай Ұлжан Ернарқызы.

□ІІ орын 7 «Д»сынып оқушысы Базарбай Балжан Мұқанқызы иемденді.

□ІІІ орынды 7 «Ж»сынып оқушысы Шилдебаева Айша Нұржанқызы қанжығасына байлады. Байқауға қатысушы барлық аруларымызға түрлі номинация бойынша дипломдар берілді. «Көктем аруы-2023»байқауына қатысушы барлық аруларға

әділқазы алқаларының ДОІЖО Жекенова Гаухар, ДТІЖО Джанабергенова Диана, эстетика пәнінің бірлестік жетекшісі Алтынбайқызы Кулпаштың ұйымдастыруымен «Шым қала» тарихи-мәдени орталығына жолдама берілді.


Іс-шараны Тәрбие бөлімі, аға тәлімгер Турсынбаева А. ұйымдастырды.



27. С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 6-сынып жетекшілері Косалбаева Л, Бекеева Г, Аманбай Құралайдың жетекшілігімен 8 наурыз мерекесіне орай 6 «Д,З,Ж» сыныптары арасында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте үлкен жауапкершілік тұрғандығын сезіндіріп, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты қыз бала тәрбиелеу.

Дөңгелек үстел қыз бала әдебі туралы талқыланып,қызу пікірталаспен өтті. Оқушылар өздерінің ойларын ашық айтты. «Қазақ қызы қандай болу керек?» деген тақырыпта жарыссөзге шықты. Қазақ қыздарының бойынан табылатын инабаттылық, ибалылық туралы, өр мінезді ашықтық, ата-анаға деген кішіпейілділік туралы, сонымен қатар үй тұрмысына икемділігі туралы терең ұғымды білдіретін бейнероликтермен танысты. Әр сынып бір-бірімен қыз балаларға арналған тыйым сөздер мен мақал-мәтелдерді айтудан жарыса отырып, олардың мағынасын терең түсінді, бір-бірімен тың идеялармен бөлісті.



28. «Экологиялық калейдоскоп»

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектеп Наурыз мейрамына орай атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес «Экологиялық калейдоскоп» акциясы аясында 6 сынып оқушыларымен үйірме жетекшісі Калназарова Дина челлендж өткізді.



29. С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК "Адал ұрпақ" еріктілер клубының ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес " Жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу" дөңгелек үстел ұйымдастырылды. "Адал ұрпақ" еріктілер клубының 25 мүшесі қатысты.

Ұйымдастырушы: Аға тәлімгер А.С.Турсынбаева және сынып жетекшілері.



30. «Asyk Party»

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектеп Наурыз мейрамына орай атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес «Asyk party» ұлттық ойынын сайыс түрінде 5-6 сынып оқушыларымен үйірме жетекшісі: Утегенов Ержан өткізді.



31. С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде 13.03.2023ж. Эстетика пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен " Қыз- ұлт болашағы" атты қыз сыны байқауы сабақтан тыс іс-шара өтілді. Мақсаты: Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік,ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т.б жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу.

Бүгінгі іс-шара алтыншы сыныптар арасында өтті. Байқауға он төрт ару қатысты.

Байқау кезеңдері:

I - кезең : Өзін-өзі таныстыру.

II - кезең : Салт- дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, жөн-жоралғыға байланысты сұрақтарға жауап береді және мақал-мәтелді жалғастырады.

III - кезең : Өз өнерлерін көрсету.

IV - кезең : Қолдан жасалған көйлектер көрсетілімі. Яғни қажет емес заттардан: пластик, пакет, қағаз, т.б заттардан.

Байқау жоғарға деңгейде өтті.

🏆" Бас жүлде " - 6 «Ә» сынып оқушысы Аманбаева Кәусар Сахитқызы иемденді.

□I-орын иегері- 6 «К» сынып оқушысы Абдинаби Айда.

□II - орын 6«И» сынып оқушысы Әлібек Кәусар.

□III - орын 6«Л» сынып оқушысы Түзелбекова Айгерім.

III орын- 6«Ғ» сынып оқушысы Рысбекқызы Аружан.


□«Тапқыр ару» номинациясымен 6«А» сынып оқушысы Нұрлан Роза.

□«Дарынды ару» номинациясын - 6«Д» сынып оқушысы Абсаматова Зарина.

□«Сымбатты ару» номинациясымен 6«Ж» сынып оқушысы Төленді Сабина.

□«Көркем мінезді ару» номинациясын - 6«Г» сынып оқушысы Садилла Әсел.

□«Жаңашыл ару» номинациясын - 6«Е» сынып оқушысы Даулетова Аяулым.



32. «DOMBYRA ШОУ!» челленджі

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде, Шымкент қаласы білім басқармасының “Қосымша білім беру оқу салалық орталығының” хатына сәйкес, 22 наурыз мерекесіне орай, «DOMBYRA ШОУ!» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы : Қосымша білім беру педагогы : Гульзат Жуманова



33. «Наурыз қоржын»

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектеп Наурыз мейрамына орай атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес «Наурыз қоржын» ұлттық нақыштағы кәдесыйлар, ашық хаттарды мұғалімдеріне өз қолымен жасаған бұйымдарын сыйлады. Қолөнер үйірмесінің жетекшісі Кожабаева Жанар 5-7 сынып оқушыларымен өткізді.




34. Флэшмоб «Ұлттық караоке»

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектеп Наурыз мейрамына орай атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ұлттық караоке» флэшмоб . Музыка пән мұғалімі Жунисова Нұрсауле ұйымдастырып өткізді.



35. Республикалық "КҮЙ КҮМБІРІ" атты домбырашылар челленджін Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектептің Шәмші Дүкенбаев ағайымыз бен Айдарова Гүлмира апайымыз бастаған «Қазына» оркестрінің атынан барлық білім ордаларының ансамбльдері мен оркестрлеріне жолдаймыз!



36. Шымкент орталық шахмат клубының көктемді ашық біріншілігінде С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектептің 7 "Ж" сынып оқушысы Пернебек Саят жүлделі 1-орынды иеленді. Үйірме жетекшісі, дене тәрбиесі пән мұғалімі Ергеш Нұрқанат Төреханұлына алғыс білдіреміз.



37. «Бейбарыс Сұлтанның ерлігі»

Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5-7 сынып оқушыларына кітап көрмесі өткізілді. Кітапханашы Шортанбаева Эльмира.

Мақсаты: Кітап-сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы,ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықтарын күтіп ұстауға үйрету.



38. «БАЛАЛАРЦЦДЫҢ ЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІГІ» атты акция

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,

Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да

Жолда жүру ережесі - заңды тәртіп,


Ол ортақ үлкен - кіші баршамызға.

1. Оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру.

2. Жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы әңгімелеу.

3. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережелерін, қауіпсіздігін білуге, есте сақтауға тәрбиелеу.

4. Оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, іс – жүзінде асыра білуге үйрету мақсатында 5«Ж» сынып жетекшісі Азтаева Айнұр мен мектеп инспекторы Серикбаев Жандос «Жолда жүру ережесін білеміз бе?» деген тақырыпта тәрбие сағатын өтті.



39. «Бейбарыс Сұлтанның ерлігі»

Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің 5 «З» сынып оқушылары сынып жетекшісі Адилбаева Гүлсара мен кітапханашы Шортанбаева Эльмира Әл-Фараби кітапханасына саяхаттап келді.

Мақсаты: Кітаптың адам өміріндегі маңызы,ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру.



40. «Қаржылық қауіпсіздік негіздер» атты тақырыпта оқу-ақпараттандыру түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қосымша білім беру оқу салалық орталығы және Шымкент қаласы бойынша «Қаржылық мониторинг агенттігі экономикалық тергеп-тексеру департаментінің» бірлесе ұйымдастыруымен білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп балалар арасында қаржылық құқықтық сауаттылықты көтеру мақсатында «Қаржылық қауіпсіздік негіздер» атты тақырыпта оқу-ақпараттандыру дәрісі өтті.

Түсіндірме жұмысын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана «Қаржы пирамидасы», «Құқықтық сауаттылық» туралы құнды ақпараттар беріп өтті. Сол сияқты, бүгінгі таңда халықтың қаржылық сауатсыздығын кеңінен пайдаланытындар көбейдгендігі туралы Өз еліміз былай тұрсын, шетелдерде отырып (Украина, Дубай, Турция) мыңдаған адамдарды қаржылық пирамидаларға тартып, соңында бәрін алдап кету қоғамда мемлекеттік билік органдарына наразы ой туғызатындармен, яғни Қаржы пирамида құратындармен күрес негізгі қызмет бағыттарының бірі болып табылады.

Департаментпен қала аумағында кеңінен жұмыс істеген «Квестра», «B2B», «World Business Consulting» секілді қаржылық пирамида ұйымдарының заңсыз жұмыстарына тосқауыл қойылғандығы.Жыл басынан бері 40 тан астам сайт бұғатталғандығы туралы да мәлімет берді.7 сынып оқушылары түгел қатысып, 299 оқушы қамтылды.Тыңдаушылар тарапынан көтерілген мәселеге қызығушылық танытылып көптеген сұрақтар қойылды.



41. БУЛЛИНГ пен КИБЕРБУЛЛИНГ -ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ

Буллинг пен кибербуллинг дегеніміз - адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі. Ал киберқауіпсіздік - бұл желі, әлеуметтік желілері, онлайн ойындары және жедел хабарлама қосымшалары арқылы қорқыту.

Шымкент қаласы С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта мектепте «Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында 7 сыныптарға түсіндірме жұмыстарын педагог психолог Қуандық Нурзила ұйымдастырып өткізді.



42. «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі!» акциясының барысында бірнеше сынып сағаттары өтіліп, видеороликтер көрсетілді. 5-7сынып оқушыларына сынып жетекшілері сыныптар арасында жолда жүру ережелеріне негізделген түрлі сынып сағаттары өткізілді.


• Мақсаты: оқушылар арасында ЖЖЕ-ін кеңінен насихаттау, білімдерін пысықтау, жол белгілерін қайталау болатын.



43. «ҰЛ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің 5-7 сыныптың ұл балаларының қатысуымен «Ұл тәрбиесі – Ұлт тәрбиесі» атты ұлдар жиналысы өтті. Жиналысқа директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Габитовна, педагог психолог Қуандық Нурзила, мектеп инспекторы Серікбаев Жандос өткізді.

Бүгінгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу және мектепішілік тәртіпті сақтау, зиянды нәрселерге әуес болмау, сабақтан кешікпеу, мектеп мүлкіне құрметпен қарау сияқты мәселелерді айтып өтті. Жиналыс соңында оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, ұсыныс, пікірлері тыңдалды.



44. ҚЫЗДАР ЖИНАЛЫСЫ

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 06 сәуір күні 5-7 сынып қыздары арасында қыздар жиналысы өтті.

Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс - қимыл, жүріс - тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан - жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту

Күн тәртібінде

1. Қызға қырық үйден тыйым тақырыбында түсіндіру,сұхбат


2.«Балалардың жолдағы қауіпсіздігі»

3. Кәмілетке толмағандар арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу.


4.Жеке гигиена.

5. Әртүрлі мәселелер (форма, сабаққа кешікпеу, тазалық, жарамазан айтпау, сабақтан қалмау, әдеп сақтау және т.б)

Жиналыста директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы мектептің ішкі тәртіп ережесін еске түсіріп өтті, жол ережесімен таныстырды, түнгі 22:00 ден кейін көшеде жүрмеу керектігін түсіндіріп өтті. Мектеп инспекторы Серикбаев Жандос қазіргі кезде қыздар арасында әлімжеттік пен құқықбұзушылық болмау керектігін айтып түсіндірді, мектеп медбикесі Муталиева Базаркүл апайымыз балалардың жеке басының гигиеналық тазалығы, достар мен құрбылармен күнделікті қарым-қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидалары туралы айтылды.



45. Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023 жылғы 07 сәуір күні «Жер сілкінісі» кезіндегі тіршілік қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары өткізілді. Мектептің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пән жетекшісі Е. Алдибеков "Жер сілкінісі" тақырыбында баяндама оқыды. Оқушыларға Жер сілкінісі және төтенше жағдайлардың алдын алу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жиналыс 5-7 сынып оқушыларымен өткізілді.



46. Сағадат Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде 07.04.2023ж. күні III- тоқсанның қорытындысы бойынша 5-7 сынып ата-аналарына сыныпаралық жиналысы өткізілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. III-тоқсанның қорытындысы.

2. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу. Мектеп жасындағы балалардың қаржылық сауаттылғын арттыру, алаяқтықтың алдын алу

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451 Заңы балаға қатысты интернет ресурстарда кибербулинг фактілерін қарау мәселері бойынша 18-4 бапқа енгізілген толықтырулар

4. Әртүрлі мәселелер.




47. Қазақстан республикасы ОҚУ ағарту министірлігінің ұйымдастыруымен Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Сағадат Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШАХМАТ ОЙНАУ ЧЕЛЕНДЖІ ӨТУДЕ.

Челлендждің мақсаты – шахмат арқылы балалардың зияткерлік және ақыл-ой қабілеттерін дамыту.


Мектеп қабырғасында тұрақты түрде шахмат үйірмесі жұмыс істеп келеді. Ергеш Нұрқанат, Ташболат Шерхан ұстаздарымыздың жетекшілігімен үйірмеге бірінші, екінші ауысым оқушылары толық қамтылып, біліктілігін шыңдап жүр.

Айта кетейік «Шымкент» орталығы шахмат клубының ұйымдастыруымен өткен разрядтың жарыстарда біздің мектептің 28 оқушысы белгіленген нормативті орындап, 4 - 3 разрядтарға ие болды. Атап айтқанда, жас айырмашылығы бойынша жүлделі I орынды, Пернебек Саят , Туба Ясмин қызымыз II орынды иеленді. Алдағы уақытта мектебіміздің мақтаныштарына сәттілік тілейміз!!!



48. С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі ШЖҚ МКК "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарына сәйкес оқушылар арасында "Жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жастарды адалдыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу. Ұйымдастырушы: Аға тәлімгер А.С Турсынбаева



49. Үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы.

Мектептегі "Үштік одақ" жобасы аясында 7«Д» сыныбында «Таң қоғам әлеуметтік қолдау орталығы» атты ашық тәрбие сағатын сыныптың үш ата-анасы Сахабай Рамазанның әкесі Айтжан Серік, Сыпатай Аяулымның анасы Истаева Қарлығаш пен Тастанбек Кәусардың әкесі Байбосынов Жандос өтті.


Сабақтың мақсаты: Оқушыларды ізденімпаздыққа, белсенділікке, имандылыққа, ойлау қабілеті мен есту қабілетін дамытуға, қоғамдағы жат қылықтардан аулақ болуға, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. 7«Д»-сынып жетекшісі Мақсатова Әсел. Сабақ пікірталас түрінде жүргізілді. Оқушылар мен ата-аналар өз пікірлерін ортаға салды. Сабақтан оқушылар керемет әсер алды.



50. «Төрт тоқсан- төрт өнер» жобасы

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасына сәйкес, Туған өлкеміздің тарихы туралы түсінік беріп, өз Отанын сүйіп, халқымыздың әдет-ғұрып, салт- дәстүрін сақтап әрі қарай жалғастыру мақсатында оқушыларымызға химия ғылымының

докторы, физика- математика ғылымының кандидаты Алимбетов Маулен атамыз келіп туған жерді қалай қадірлеу керектігін айтып сұхбат берді, сұхбат жүргізген қазақ тілі пән мұғалімдері Абайдуллаева Айсұлу мен Исманова Разия. Атамыздан алар тәрбие, сөз маржандары өте көп екен. Келіп оқушыларымызға берген сұхбатына үлкен Алғыс білдірді мектеп директоры Усманов Бегмат ағайымыз бен дирекордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы.



51. «МЕНІҢ СЫНЫБЫМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ» атты қалалық челлендж

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде 17.04.2023 ж күні 5-6 сынып оқушылары арасында “ Менің сыныбым буллингке қарсы” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: “Буллинг”сөзінің мағынасын ашу, таныту; Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.



52. «МЕЙІРІМ-ЖҮРЕКТЕН»

"С. Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында балалардың бір-біріне деген мейірімділігін арттыру, достық, бауырмашылдық қасиеттерін арттыру мақсатында жазбаша жұмыстар ұйымдастырылды:

❤«Мейірімділік - жүректен, қайырымдылық - білектен» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен шығарма; «Жүректі жылытар мейірім» тақырыбында 5-8 сынып оқушыларымен мазмұндама; «Мейірімділік – асыл қасиет» тақырыбында 2-4 сынып оқушыларымен диктант.

Мейірімді болыңыздар! Мейірімділік әлемді құтқарады! ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Рсымбетова Раушан, Гульжан Жакашева, Гаухар Жекенова, қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі және Тәрбие бөлімі





53. "ЖҮРЕК ТӘҢІРДІҢ ТАҒЫ" /психологиялық треннинг/

«С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында "МЕЙРІМ ЖҮРЕКТЕН..." атты айлық аясында әлеуметтік педагог Сеймурат Жарқынай мен Кеңесбаева Айгерімнің ұйымдастыруымен 7- сыныптар арасында "Жүрек тәңірдің тағы" тақырыбында психологиялық треннинг өткізілді. Іс шара барысында "Салемдесу", "Досыңмен тығырықтан шық", "Ең жақын жүрек", "Көсбасшы", "Ынтымақ істі бітірер", "Өмір құндылықтары" атты жаттығулар жасату арқылы оқушылардың пікір-сайысы тыңдалып, оларға мейрімділік құндылықтары жайында бағыт-бағдар берілді.



54. «МЕЙІРІМ-ЖҮРЕКТЕН»

«Мейірімділік отбасынан басталады»

«Тек бақытты адамдар ғана ізгі істер атқаруға қабілетті болады»

МАҚСАТЫ: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Ата-анаға деген бала махаббатын ояту. Мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігін нығайту. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу.

Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың жан-жақты тәрбиелі болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Отбасы ата-ана мен баланың және басқа да отбасы мүшелерінің жылы қарым-қатынасынан құрылады. Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанаашырлық, бауырмалдық қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алуы керек.


Ата-аналарының бала тәрбиесіне көңіл бөлуі туралы сәттерінен.



55. 1 - МАМЫР ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 1 - мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Қазақстан- халықтар достығының мекені» тақырыпта өткізген іс-шара көрермендерге жақсы көңіл күй сыйлады.

Мақсаты: Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.



56. МЕЙІРІМ-ЖҮРЕКТЕН «МЕН БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫМЫН!»

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде «Мен буллингке қарсымын!» тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында бейнероликтер, фотосуреттер, қылқалам туындылары, жазбалар челленджі өткізілді.

Мақсаты:

✓ оқушылардың бірін-бірі сыйлауға, құрметтеуге үйрету.

✓ мейірімділікке, қамқорлыққа баулу

✓ адамгершілігі мол азамат болып қалыптасуына ықпал ету.



57. «МЕЙІРІМДІЛІКТІ ӨЗІҢНЕН БАСТА» тақырыбында ата-аналармен сынып сағаттары.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың бойында ата-анаға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру, ата-ананы құрметтеп, сыйлай білуге тәрбиелеу, балаларға мейірімділіктің адам бойындағы ең қымбат асыл қазынасы екенін ұғындыру, оқушылардың бір-біріне деген достығын, қамқорлығын нығайту мақсатында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 5-7сынып оқушыларының ата-аналарына «Мейірімділікті өзіңнен баста!» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.



58. «Ұранды елдің - ұрпағы қайсар»

С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 9 мамыр мейрамына байланысты ашық тәрбие сағаты өтілді. Оқушыларға Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу мақсатында қамқоршылық кеңес мүшесі, 7«Д» сынып ата-анасы Аяпов Молдабек және ата-ана Арчакова Асель , сонымен бірге мектебіміздің АӘД пәнінің мұғалімі Алдибеков Ельдар Ермекұлының қатысуымен сынып жетекшісі Мақсатова Әсел ұйымдастырып өтті.



59. Батыр ұл есімдері ақталады

Жыр болып жүректерде сақталады.


Ғасырдан ғасырларға аңыз етіп,

Ұрпағы мәңгі бақи мақтанады…

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы N72жалпы орта білім беретін мектебінде бүгінгі ұрпаққа ұран болған «Ұлы жеңіске мәңгілік тағзым!»тақырыбындағы кездесу кеші өтілді.Кешіміздің қонақтары Шымкент қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасының бірінші орынбасары Халмуратов Реймбай Машарипович, Түркістан облысының қоғамдық саяси тарихының мемлекеттік архивінің сектор басшысы Әмзеева Гүлнұр Тұрсынбекова,мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Есебаева Айжан Ерсайынқызы оқушылармен сыр сұхбат жүргізді. АӘД пәнінің мұғалімі Алдибеков Елдар Ермекұлы 7 «Б» сынып оқушыларымен бірге әскери қару-жарақтарды шашып,жинақтау,саптық элементтерін көрсете отырып,келешекте елін қорғайтын азамат болуға бағыт-бағдар көрсетті.Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің өмірінен бейнебаян көрсетіліп,келген қонақтарға оқушылар тарапынан сұрақтар қойылды. «Бейбіт күннің бәрі де жеңіс күні!»- деп ақын жырлағандай, ерен ерлікпен келген жеңістің құнын ешқашан ұмытпайық!Ұйымдастырушылар: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы,Аға-тәлімгер Турсынбаева Айгуль,сынып жетекшілер: Турсункулова Айжан,Арыстанова Жаухар.




60. «Кибербуллинг құрбаны» тақырыбында С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде Шымкент қалалық прокуратурасы Шымкент қалалық білім басқармасының бірлескен «Мейірім -жүректен » атты айлық жоспарына сәйкес 11 мамыр күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы, педагог- психолог Қуандық Нурзила және мектеп инспекторы Серикбаев Жандостың қатысуымен 5-7 сынып оқушыларына кибербуллинг туралы әңгіме жүргізіп, оқушыларға деректі фильмдер көрсетілді.



61. «Төрт тоқсан - төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы Төртінші тоқсан «Туған өлкем» фестивалі аясында С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің 6 Л сынып жетекшісі Кулдашова Урхия оқушыларымен Шымкент қаласының тарихы мен мәдени мұрасын оқып-білу және қаланың көрікті жерлерімен таныстыру мақсатында Шымкент қаласындағы «Бәйдібек би» ескерткіші мен дендросаябаққа танымдық экскурсия жасады.



62. МЕЙІРІМ-ЖҮРЕКТЕН❤

♥Медицина қызметкерлерімен кездесу♥


Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте Шымкент қалалық прокуратурасы Шымкент қалалық білім басқармасымен бірлесе отырып, қалалық білім беру ұйымдарында өтетін «Мейірім-жүректен» атты айлық жоспарына сай 12.05.2023ж күні «Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ерте жүктіліктің алдын алу, жасөспірімдер гигиенасы»тақырыптарында №3 Атамекен медициналық орталығының окулист дәрігері Мырзакеримова Ақмарал Алидаровна, детский хирург дәрігері Пиримхан Ұлбала Бағланқызы мектеп медбикесі Муталиева Базаркуль апайымызбен, директордыңтәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы 5-7 сынып оқушы қыздарына кездесу өткізді.

Мақсаты: Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың профилактикасы, сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсау фактілерін болдырмау және өмір қауіпсіздігін сақтау.



63. “АДАЛДЫҚ-ПАРАСАТТЫЛЫҚ”

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінде Сыбайлас жемқорлықтың «Адалдық - парасаттылық» тақырыбында TEDX форматында әртүрлі салада еңбегі сіңген тұлғалармен, яғни Дарын мектебінің мұғалімі Аблаева Ұлмекен Нұрғалиқызы, жеке кәсіпкер Омаров Данияр Нұрланұлы, балабақша тәлімгері Карибекова Дана 6 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.Кездесу барысында Омаров Данияр мырза тақырыпқа сай ойымен бөлісіп, оқушыларға ізгі тілектерін жолдап, батасын берді.



64. С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ N72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІРЫҢҒАЙ "ЖАС ҚЫРАН" және "ЖАС ҰЛАН" ҰЙЫМЫНА ҚАБЫЛДАУ САЛТАНАТТЫ ЖИЫНЫ БОЛЫП ӨТТІ.

2023жылдың 17 мамыр күні Қазақстан Республикалық бірыңғай "Жас ұлан мен "Жас қыран " балалар мен жасөспірімдер ұйымына 5-6- сыныптың оқушылары қабылданды. "Жас Ұлан" және "Жас қыран" ұйымына қабылданған балалар, өскелең ұрпақ адами құндылықтарды бойына сіңірген, тәрбиелі сонымен қатар патриоттық сезімдері жоғары болатыны анық. Салтанатты жиында мектеп директорының м.у.а Жакашева Гүлжан Қамысбекқызы, директордың оқу ісі-жөгіндегі орынбасары Жекенова Гаухар Серікбайқызы, директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы, АӘ және БД пән жетекшісі Утебаев Талғат Болатұлы және мектеп президенті Алтаев Мейіржан жас қырандарды құттықтап, еліміздің елеулі, халқымыздың қалаулы азаматтары болуға ізгі тілектерін білдірді.



65. МЕЙІРІМ ЖҮРЕКТЕН

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Достық, мейірімділік»

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте Шымкент қалалық прокуратурасы Шымкент қалалық білім басқармасымен бірлесе отырып, қалалық білім беру

ұйымдарында өтетін «Мейірім-жүректен» атты айлық жоспарына сай 19.05.2023 күні «Оқуға құштар мектеп» жобасымен «Достық, мейірімділік» тақырыбындағы үздік кітап оқушы сайысы өткізілді. Ұйымдастырушысы: 5"Ә" сынып жетекшісі Тілеуқабылова Шолпан. Сайысқа қатысқан қонақтар: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Габитовна, мектеп кітапханашысы Шортанбаева Эльмира қатысты. Мақсаты: Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Оқушылардың рухани және интеллектуалды дамуына кітап оқу арқылы қызығушылығын арттыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы туралы айтып, кітап арқылы мейірімділікке тәрбиелеу.



1

66. МЕЙІРІМ - ЖҮРЕКТЕН♥

«ЗАҢ - ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ»

Шымкент қалалық прокуратурасымен және Шымкент қаласы Білім басқармасының бірлескен «Мейірім - жүректен» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 22.05.2023ж. күні «Заң - қоғамның негізгі тірегі» тақырыбында ювеналды полиция қызметкері Бижанов Ғалымжан Оразханович пен мектеп инспекторы Сериқбаев Жандос, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Габитовнамен 5-7 сынып ұлдарына Жанаева Майра мен Нұрмаханова Айару апайларымыз бірлескен дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық сауаттылығын арттыру.



67. «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ!»

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде балалар күніне орай мерекелік кеш өтті. Мектеп директоры Б.Н.Усманов және қамқоршылық кеңес мүшесі А.А.Құдайбергенова келіп, ізгі тілектерін білдіріп, бүлдіршіндерді мерекесімен құттықтады. Барлығыңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашанда сыңғырлаған күлкі тілейміз. Әр уақытта дендері сау болып, Отанымыздың мақтанышы болуларына тілектеспіз!

Жұртымыз, еліміз тыныш, еніміз сау, басымыз аман, жұмысымыз жемісті болсын!



Директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары: Джанабергенова Д.Г.